



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

27.10.2017 ж.

№ 11 6-т.

**Семей аумақтық кәсіподақ комитетінің
Кәсіподақтың Салалық Кеңесінің кәсіподақ
органдары мен ұйымдарындағы қаржы
тәртіптемесін нығайту мәселелері бойынша
қаулылары мен нұсқаулықтарын
орындау жөніндегі жұмысы туралы**

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Семей аумақтық кәсіподақ комитетінің төрағасы С.М.Ибраевтың кәсіподақтың Салалық Кеңесінің кәсіподақ органдарындағы қаржы тәртіптемесін нығайту мәселелері жөніндегі қаулылары мен нұсқаулықтарын орындау туралы ақпараты мәліметке алынсын.

2. Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Семей аумақтық ұйымының төрағасы С.М.Ибраевқа:

- Кәсіподақ аппаратының қызметкерлері мен сайланбалы қызметкерлердің штаттық кестесін кәсіподақ ұйымдары аппараттарының қызметкерлері мен сайланбалы қызметкерлерге еңбек ақыларын төлеу және сыйлықақы беру және кейбір әлеуметтік кепілдіктер Қағидаларының талаптарына сәйкес келтіру;

- кассалық және аванстық есептерді тиісті ретке келтіру – оларды екі бөлек тиісті папкаларға бөлу;

- қызметкерлер іссапарларға шыққан кезде іссапар куәліктерін ҚР қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ресімдеу;

- жалақыны есептеу мен төлеу, есепке алуды жүргізуде тиісті тәртіпті қамтамасыз ету, жұмыс уақытын есепке алу Табелін ретке келтіру;

- қайырымдылық, материалдық көмек түрлерін анықтау мен төлеу кезінде заңнаманың қадағалануына ерекше назар аудару, салықтың уақытында төленуін қамтамасыз ету, оны жасыруға жол бермеу;

- ТМҚ есепке алу және есептен шығаруды жүргізу тәртібін қамтамасыз ету, тауар-материалдық құндылықтарды есептен шығару жөнінде тұрақты комиссия құру;

- бухгалтерлік құжаттар мұрағатын Нұсқаулыққа сәйкес келтіру ұсынылсын.

3. Қаржы құжаттарымен жұмысқа уақытша шығындарды қысқарту және жұмыс тиімділігін арттыру, сондай-ақ кассалық құжаттарды қолмен толтыруға жол бермеу мақсатында бухгалтерияны 1С Бухгалтерия 8.3. және онлайн-банкинг бағдарламалық қамтамасыз етуге толық көшіру жөнінде қажетті жұмыс жүргізілсін.

4. Жұмыс тиімділігі және тиісті органдарға қаржы, салық және статистикалық есептерді уақытында ұсыну үшін бухгалтерияның материалдық-техникалық базасын жаңарту ұсынылады.

Төрайым

Амантаева М.Т.